

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



**БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР
ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**42-ші Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ**

2-КІТАП

**ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЯ
КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ**

МАТЕРИАЛЫ

42-й Международной научно-методической конференции

КНИГА 2

Алматы
«Қазақ университеті»
2012

Инновации в образовательной деятельности и вопросы повышения качества обучения: материалы 42-й Международной научно-методической конференции: Книга 2. – Алматы: Казак университеті, 2012. – 350 б.

ISBN 978–601–247–362–9

В сборнике представлены материалы 42-й Международной научно-методической конференции, посвященной вопросам инноваций в образовании, повышения качества, разработки электронных учебных изданий, интеграции науки, образования и производства, академической мобильности в бакалавриате, магистратуре, докторантуре PhD.

Издание адресуется профессорско-преподавательскому составу, специалистам в области высшего и послевузовского образования.

Сборник обобщает передовой западный, восточный и отечественный опыт в сфере модернизации образования.

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚ

Шыңғысова Назгүл Тұрсынбайқызы

Әл-Фараби ат. ҚазҰУ

nazgul_71@mail.ru

Ғылым мен білім тұтасып, ұштасып жатқан сала болғандықтан, олардың тиімді ықпалдасуы зерттеудің тиімділігі мен білім беру сапасын арттырады. Ғылыми негізі берік жоғары оқу орны білікті мамандар даярлайды. Осы орайда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім беру үдерісінің инновациялық сипаты басым әрі іргелі зерттеулерге негізделген. Ғылыми-инновациялық бағытты жолға қойған университеттің іргелі білім беру әлеуеті ғылыми зерттеулермен астасып, студенттерді өзгеріске бейім, кәсіби маман етіп тәрбиелеуге ықпал етіп келеді.

Инновациялық жоба – нарыққа жоғары технологиялық және бәсекеге қабілетті өнімдер шығару. Біздің ғылыми зерттеулердің коммерциялық тұрғыдан болашағы болса, оны қолдайтын инвестиция көздерін тартуға болады. Осы уақытқа дейін журналистика саласындағы зерттеулер өндіріске енгізетін жаңалық аспағанымен, жүйелі тұжырымдарға қол жеткізіліп келді. Болашақта халықаралық деңгейдегі бірлестіктер қызығушылық танытатын проблемаларды, тақырыптарды таңдау аса маңызды. Қазіргі таңда журналистикада әлеуметтік ғылымның маңызы өте зор болғандықтан, әлеуметтік ғылым саласын игеру маңызды. Осы орайда оқу үдерісіне әлеуметтік ғылымдар жөніндегі пәндерді енгізу қажет. Ғылыми-зерттеулердің сапасы мен қоғамға пайдалылығын арттыру, нақты жүзеге асыруға болатын тұжырымдар әзірлеу қажет. Оқытушы-профессорлар құрамының шығармашылық мүмкіндіктері мен белсенділігін арттыру арқылы ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының ғылыми әлеуеті мен оқу үдерісін өзара байланыста дамытуға күш салудамыз. Кафедрада оқу мен ғылыми жұмысты ұштастыру, студенттерді ғылымға баулу мақсатында студенттік ғылыми клубтар белсенді жұмыс істей бастады.

Зерттеу институтына тән белгілер ретінде зерттеушілер іргелі ғылым және технологияның шешуші бағыттарында көшбасшы болып отырған жетекші ғылыми-педагогикалық мектепті, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер материалдық-техникалық базасының болуын, оқу үдерісінің жоғары деңгейін, әлемдік білім-ғылым кеңістігіне кірігуін атайды [1].

Жоғары оқу орнында оқу үдерісімен бірге ғылыммен айналысуға мүмкіндік беретін ғылыми-техникалық негіз болуы қажет. Ғылым мен білімді тиімді ұштастыру үшін ғылыми зертханалардың маңызы зор. Онда студент тәжірибелік жұмыстармен айналыса отырып, ғылыми зерттеулерді жүзеге асырады, кәсіби машықтанып, таңдаған мамандығы бойынша терең білім алады.

Ғылым мен білімнің тиімді ықпалдасуы ғылыми-технологиялық жетістіктерді, тұрақты даму мен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етеді, зерттеудің тиімділігін арттырады, білім сапасын көтереді. Жоғары ғылыми базасыз, біріккен ғылыми зерттеулерсіз (студент, магистранттар мен оқытушылардың) білікті маман даярлау мүмкін емес.

Білім мен ғылым өзара тығыз байланысты. Ғылым – білімнің жоғары сатысы. Ғылым білімді оқытудың жаңа әдістерімен байытса, білім білікті ғылыми мамандар даярлайды. Қазіргі таңда ғылым мен білім саласындағы ықпалдасу үдерістері қызу талқыланып, көптеген елдердің бағдарламалық құжаттарына осы процестерді мемлекеттік қолдау, дамыту мәселелері енгізілуде.

Ғылым мен білімнің өзара ықпалдасу формалары мен механизмдерін жетілдіру жаңа мүмкіндіктерге жол ашады, жоғары мектептің берік ғылыми іргетасын қалайды, инновациялық белсенділікті арттырады.

Журналистика факультетінің ғылыми әлеуеті мен оқу үдерісін өзара байланыста дамыту, инвестиция тартып, ғылыми-зерттеулердің сапасы мен қоғамға пайдалылығын арттыру, жүзеге асыруға болатын нақты тұжырымдарды әзірлеу бүгінгі заманның қажеттілігі. Ұлттық және халықаралық деңгейдегі білім беретін мекемелермен байланысты нығайту бізге жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Сондай-ақ, жаңа технологияларды қолдана отырып жасаған ғылыми жобаларға халықаралық деңгейде қызығушылық тудыру үшін атқарылған істі әлеуетті, мақсатты аудиторияға насихаттаған жөн. Қазақстанның болашағы білімді, зиялы адамдардың қолында. Мемлекетіміздің болашағы – жастарға заманауи технологияларды қолдана отырып, сапалы білім беру мәселесі маңызды. Осы орайда оқу үдерісін жаңаша ұйымдастырудың қажеттілігі артты. Ең алдымен студенттің әлеуметтік бағытталуы, қызметінің жеке стилі, өзін-өзі баққаруға дайындығы тексеріледі. Ең бастысы күтілетін нәтижені бақылау қажет. Студенттің оқу қызметін ұйымдастыру барысында

оның жалпы дайындығын, жағдайға байланысты өзгерістер, берілген пәнге көзқарасы, материалдарды студенттің меңгеруі үдерісіндегі кері байланысты орнату маңызды.

Студенттің тұлғасын қалыптастыру мақсатында тұлғааралық өзара тиімді қызметке жету де күн тәртібіндегі мәселе.

Студенттер мен оқытушының арасындағы жанды әңгіме, диалог, пікірталастар екі жақтың ашық пікір алмасуына жол ашады. Оқытушы мен студенттің арасындағы кедергілер жойылады. Осы орайда академиялық топтардың шағын топтарға бөлінуі оқытушының әр студентпен жеке жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Оқытушы оқу үдерісіне студентпен бірдей деңгейде қатысушы бола білуі тиіс. Сонда ғана студент оған сенеді, тең дәрежеде пікір алмасады, ойын ірікпей жеткізеді.

Шағын топтарда аз уақыттың ішінде тапсырма орындау жеделдікке, ең дұрыс жолды таңдауға, креативті идеялар іздеуге мүмкіндік береді.

Жеке іздену үшін берілген СӨЖ материалдарын тапсыру аудиторияда идеялармен бөлісу процесіне ұласады.

Сабақ барысындағы *ұжымдық іскери ойындар* бір-біріне қолдау көрсетуге, жан-жақты байланыс жасауға мүмкіндік береді. Осы орайда Қазақстан нарығына 2004 жылы келген тимбилдинг жаттығулары таптырмас құрал бола алады.

Ұжымдық ойлау барысында мәселенің шешілуіне қабілеті, таланты әртүрлі студент әр қырынан шығармашылықпен келеді. Тапсырмаға жауапкершілікпен қарайды. Бір-біріне сенім артып, құрметтейді.

Студенттерді тек сабақ барысында ғана емес, болашақтағы кәсіби қызметінде де ұтымды қарым-қатынас жасауға дағдыландыру үшін

- біріккен қызметке;
- тыңдай білуге;
- бір-біріне көмектесуге;
- пікірталастан үйренуге;
- іскери қатынастар барысында міндетті бірге қойып, бірлесе шешу, өзінің субъективті пікірін өзгерте білуге;
- өзгенің пікірін құрметтеуге машықтандыру;
- пікір бостандығына жол ашу, топтық қысымды болдырмау;
- өзара түсіністікке негізделген орта қалыптастыру;
- берілген проблемаға әртүрлі көзқарасты салыстыра қарау;
- пікірлер қайшылығы, шешуге жұмыла атсалысу, рөлдерін бөлісу;
- студентке өзінің пайдалы, маңызды екендігін сезіндіру;
- бәріне тең дәрежеде өз беру;
- әр студенттің жеке қабілетін ашу;
- шығармашылығын дамыту.
- әлеуметтік-мәдени және кәсіби машықтандыру қажет.

Аудиторияда өзара қарым-қатынас жасау барысында студенттің тұлғасы дамиды, тек кәсіби білім алып қана қоймай, адамгершілік құндылықтарын түсінеді, ұжымда жұмыс істеуге дағдыланады, бір-біріне көмек қолын созуға машықтанады.

Болашақ маманның тұлғасы курстардың мазмұнымен қатар, өзара қолдауға бағытталған мақсатты қарым-қатынас негізінде де қалыптасады.

Оқытушымен *диалог* барысында студент өз көзқарасын еркін білдіріп, әртүрлі пікірлерді ой таразысына салып, ақпаратқа сүйеніп дұрыс шешім қабылдауға бейімделеді. Студенттермен диалог барысында пікір алмасу, бағалау, көзқарас орын алады. Оқытушы мен студенттер арасында кері байланыс орнайды. Дәріс сабақтарында әртүрлі диалог түрлерін қолдануға болады. Ашық әңгімелесу оқытушы мен аудиторияның арасында тығыз байланыс орнатады.

Сабақ барысында қолданылған инновациялық технологиялар студентті алған теориялық білімін практикада қолдануға, байыпты шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Ми шабуылы әдісі арқылы тыңдаушылардың назарын маңызды мәселеге аударуға болады. Қысқа уақыттың ішінде қойылған міндетті шешуге идеялар табу студентті шығармашылық ойлауға жетелейді. Біліммен қатар қиял, интуицияны да қолданылады. Бұл әдісте студенттер бір-бірінің идеясын дамытады.

Пікірталас арқылы оқытушы мен студент, студент пен студент арасында еркін пікір алмасулар орын алады. Студенттер арасында кері байланыс орнайды. Берілген тақырыпқа әртүрлі көзқарас білдіріледі.

Проблемалық дәріс қарама-қайшылықты мәселені шешуге бағытталған. Проблемалық мәселелерді шешу барысында студенттер талдау және салыстыру әдістерін меңгереді. Проблемалық міндеттерді шешу студенттердің интеллектін дамытуда таптырмас тренингтік әдіс болып табылады.

Проблемалық дәріске қойылатын талаптар:

- барлық идеялар есеіке алынады;
- айтылған идеяларға топтық қысым жасауға болмайды;
- сөзді бөлмей, аяғына дейін тыңдау қажет;
- ойды қысқаша түйіндеп айту.

Идеялар тізіп жазылады. Соңында өңделіп, дұрыс идеялар таңдалып, қорытындылар жасалады. Бұл әдіс идеялар ойлап табуға, дәйектеп, қорғай білуге дағдыландырады.

Оқытудың ойын түрлерін қолдану оқу үдерісін белсенді етеді. Онда бұрын алған білімге сүйене отырып, оқу курсының жаңа аспектілерін үйрету мақсат етіледі.

Искери ойындар барысында бір міндетті бірнеше рет жаңа тәсілдермен шешуге болады. Қабылданған шешімдердің салдары көрсетіледі. Искери ойындардың ерекшелігі – кешенділігінде. Теория мен практика, ақпарат, тәжірибе алмасу, машықтану бір мезетте жүреді. Искери ойындар кәсіби біліктілікке баулиды.

Рөлдік ойындар жағдайды терең талдауға, өзгенің орнында болып көруге мүмкіндік береді.

Кейс әдісі немесе нақты жағдайлардағы міндеттерді шешу – әралуан жағдайларды қарастыруға мүмкіндік береді. Проблемалық жағдайдағы міндеттер студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін, практикалық машықтарын қалыптастырады.

Оқиғалы жағдайлар студенттердің болашақ кәсібімен тығыз байланыста ойластырылады. Бұл әдісте ақпарат не жеткіліксіз болады немесе шамадан тыс көп беріледі. Оқиғаны шешуге уақыт аз беріледі. Берілген шығармашылық тапсырмалар сенімсіз кейде тіпті қарама-қайшы болғандықтан, оларды сыни тұрғыдан бағалау қажет болады. Қарама-қайшылықты шешетін қосымша мәліметтер іздеу қажеттілігі туады.

Студент пайда болған проблемаға логикалық жауап іздей бастайды. Проблемалық тапсырмаларды орындауда нысанды зерттеу, тәжірибе жүргізу, салыстырмалы талдау жүргізу әдістері қолданылады. Шығармашылық тапсырмалар шығармашылық жүйелі ойлауды қалыптастырады.

Пікірталас ұйымдастыру, проблемалық диалогтар басты нәрсені бөліп көрсетуге, ой-өрісті кеңейтуге, деректерді салыстыруға мүмкіндік береді. Пікірталасқа алдын ала дайындалу қажет. Тақырып таңдалып, студенттер баяндама дайындайды.

Дебаттың мақсаты – қатысушыларды өз дәйектеріне сендіру. Бір студент екі топта да болып көреді. Өзі жаңа ғана жақтаған нәрсені даттайды. Студенттердің көп бөлігі жақтаған топ жеңеді. Дебатта оқытушының міндеті – студенттердің тақырыптан ауытқымауын қадағалау. Сондай-ақ, студенттерге қызықты тақырыпты таңдай білуі шарт.

Ғылыми пікірталас – оқиғалы жағдайды шешкенімен, талқылау әдісі өзгеше. Студенттерге болашақ мамандығына тікелей қатысты оқиғалы жағдай ұсынылады. Студенттер тобы екіге бөлінеді. Бір топ шешімдерді айтады, екінші топ олардың кемшіліктері мен қателіктерін табады. Оқытушы әр студенттің проблемалық оқиғаның шешімін меңгеру деңгейін бағалайды. Оқу үдерісінде қолданылатын аталған инновациялық әдіс-тәсілдер келесі нәтижелерге жеткізеді:

1. Оқытушы мен студенттің өзара түсіністікке негізделген бірлескен қызметі;
2. Студенттің жеке шығармашылық өнімді қызметі;
3. Жаңа білім алумен қатар, бірлесе қызмет етіп, шешім қабылдау;
4. Шығармашылықты дамыту, пікірталасқа белсене қатысу, зерттеу жобаларымен жұмыс істей білу.

Әлемдік нарықтағы бәсекелестікке байланысты инновациялық үдерістер белсенді бола бастады. Оларды енгізу ұлттық-техникалық әлеуеттің дамуына, жаңа технологиялық механизмдердің қалыптасуына, өндіріс пен ғылымның арасындағы алшақтықты жеңуге, халықаралық стандартқа сай болуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Майер Г.В. О критериях исследовательского университета // Университетское управление. – 2003. – № 3(26). – С. 6-9.

В статье рассмотрены эффективность интеграции науки и образования в Казахстане, проанализированы основные направления интеграции на современном этапе.

Төлебаев Т.Ә. Бәсекелестікке қабылетті тарихшылар даярлау мәселелері	314
Тукеев У.А., Жуманов Ж.М. Технология организации учебного процесса CDIO	319
Тлепбергенова А.А. Образовательные технологии как потребность времени	324
Чередниченко В.С., Джусупбеков Д.К. О научной подготовке магистров по специальностям «Метеорология» и «Гидрология»	326
Шеденов У.К., Сапарғалиев Х.У., Ахметова З.Б. Значение и роль брендинга в подготовке специалистов и воспитании молодежи	329
Шыныбекова А.К. Жастардың сөйлеу тілі прагматикасы	331
Шыңғысова Н.Т. Білім беру үдерісі және ғылым: өзара ықпалдастық	334
Хамитов А.Н. Кредитная технология обучения в Казахстане и США: различия в кредитных системах двух стран	337
Орманова Г.Ж., Есжанов Б.Е., Баймурзаев Н.Б. Зоологиядан оқу-дала практикасының бәсекеге қабылетті студенттерді дайындауда маңызы	340

Мақалалар автор редакциялауымен басылған

* * *

Статьи печатаются в авторской редакции

Ғылыми басылым

**БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ
ОҚЫТУДЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

42-ші Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

2-КІТАП

ИБ № 5609

Басуға 25.01.2012 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84/8. Көлемі 27 б.т.

Офсеттік қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 079.

Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

“Қазақ университеті” баспасы.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.